

"Нұрсат" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 725 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 96-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен «Нұрсат» акционерлік қоғамы жарғылық капиталының 20 (жиырма) пайызы мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіруді жүзеге асырсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов